

А.М. ДЖУМАБАЕВА,¹

докторант,

Еуразия технологиялық университеті¹

ҚАЗАҚСТАНДА АГРОӨНЕРКӘСІП КЕШЕНІН МЕМЛЕКЕТТІК РЕТТЕУ БАҒЫТТАРЫ

Андатпа

Қазақстанның агроөнеркәсіптік кешені – республика экономикасының негізгі өндірістік салаларының бірі болып табылатындықтан, оны мемлекеттік реттеу бағыттары мақалада қарастырылады. Агроөнеркәсіптік кешенді мемлекеттік реттеу азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етудің негізі бағыты. Сондықтан азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету міндеттерін орындауға бағытталған агроөнеркәсіптік кешенді дамытудың мемлекеттік, өңірлік бағдарламаларын орындауды іске асыру тиімді болып табылды. Мемлекет азық-түлік қауіпсіздігі бойынша ел экономикасының аграрлық секторына мемлекеттің оң әсері болмаса қамтамасыз етілмейді. Осыған байланысты, агроөнеркәсіп кешенін мемлекеттік реттеу – ауылшаруашылық өнімдерін шикізат және азық-түлікті сатуға және қайта өңдеуде, мемлекеттің өндіріске экономикалық, әкімшілік басқаруы және заңдылықтары жүйесінің әсер етуі мақалада айтылады. Агроөнеркәсіптік кешенін мемлекеттік реттеудің міндеттері, агроөнеркәсіптік кешенін мемлекеттік реттеудің қажеттілігіне әсер ететін факторлар, ауыл шаруашылығы өндірісінің тиімділігіне теріс әсер ететін бірқатар факторлар ескеріледі. Қазақстанның ЖІӨ-дегі ауыл шаруашылығының үлесі статистикалық деректер арқылы талданған. Ауыл шаруашылығын мемлекет тарапынан субсидиялау бағдарламалары несиеленуіне алуға және мал шаруашылығын дамытуға қол жеткізуге бағытталғанын көруге болады. Осы ретте, мемлекеттен айтарлықтай маңызды қолдау көрсетілсе де, азық-түлік саудасының тепе-теңдігі теріс болып қалуда, өйткені, ауыл шаруашылығының ЖІӨ-дегі нақты өсуі, ауыл шаруашылық өндірісінің экономика саласындағы үлесін едәуір арттыра алмайтындығын көрсетеді. Қазақстанның агроөнеркәсіптік кешенінің тиімділігін арттыруға ықпал ететін мемлекеттік реттеу бағыттары ұсынылған.

Тірек сөздер: агроөнеркәсіптік кешен, бәсекелестік, азық-түлік қауіпсіздігі, өнім, субсидия, экономикалық өсу, мемлекеттік реттеу, факторлар.

ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2017 жылғы 31 қаңтарда Қазақстан халқына «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» Жолдауында, ауылшаруашылығын «экономиканың жаңа қозғаушы күші» және сонымен қатар, Қазақстанда 3-жаңғыртуды іске асыруды қамтамасыз етуде жаһандық бәсекеге қабілеттілікті қамтамасыз ететін экономикалық өсудің жаңа моделін құру қажет және 2050 Стратегиясы мақсаттарын орындау, – деп айтып өткен [1].

Агроөнеркәсіп кешені Қазақстанның экономиканы әртараптандыру және жұмыс орындарын құру жөніндегі маңызды бөлігі болып табылады. Шындығында, ауылдық жерлердегі табыстарды ұлғайтуға, жұмыс орындарын ашу және агроөнеркәсіптік кешеннің бәсекеге қабілеттілігін арттыру, қайта өңдеу жолдары арқылы өнімнің қосылған құнын құру арқылы экономиканы әртараптандыруды арттыруға зор әлеуеті бар.

Агроөнеркәсіптік кешенді мемлекеттік реттеу азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етудің негізі болып табылады. Осыған байланысты, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етудің негізгі бағыттарының біріне – азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету міндеттерін орындауға бағытталған агроөнеркәсіптік кешенді дамытудың мемлекеттік, салалық (секторлық), өңірлік бағдарламаларын орындауды іске асыру жатады [2].

Азық-түлік қауіпсіздігі ел экономикасымен де тығыз байланысты, яғни мемлекеттің сыртқы азық-түлік көздеріне барынша максималды тәуелсіз болуы үшін, қажетті мөлшерде және сапалы азық-түлік өнімдерінің физикалық және экономикалық қолжетімділігімен, негізгі түрлерімен қамтамасыз ету мүмкіндігі болуы керек.

Елдің азық-түлік қауіпсіздігі тұтынылатын азық-түліктің 80%-ын мемлекеттің ішінде өндіретін немесе ел белгілі бір азық-түлік түрлерін өндіруге маманданған жағдайда, ол экспорттың азық-түлік бойынша сыртқы сауда балансын нәтижелі оң қалдықпен алуға мүмкіндік береді.

Біздің ойымызша, азық-түліктің қажетті санын өндіруден басқа, әлемдегі дамыған елдер деңгейінде толықтырылған сақтандыру қорының көлемінде оның қосымша шығарылымының

жылдық тұтыну көлемі 60 күн немесе 17%-ға жүзеге асырылған жағдайда Қазақстанда азық-түлік қауіпсіздігі қамтамасыз етілген болып саналады. Мұндай жағдайда, елде азық-түліктің жекелеген түрлері өндірілмеген немесе олардың өндірісі шектеулі болған жағдайда, азық-түлік қауіпсіздігі басқа елдерден сатып алу арқылы қамтамасыз етіледі.

Қазақстанның азық-түлік қауіпсіздігі ел экономикасының аграрлық секторына мемлекеттің оң әсері болмаса қамтамасыз етілмейді.

Агроөнеркәсіп кешенін мемлекеттік реттеу – ауыл шаруашылық өнімдерін шикізат және азық-түлікті сатуға және қайта өңдеуде, мемлекеттің өндіріске экономикалық, әкімшілік басқаруы және заңдылықтары жүйесінің әсер етуі ретінде түсінуге болады.

Осыған байланысты, агроөнеркәсіптік кешенін мемлекеттік реттеудің төмендегідей міндеттерін атап өтеміз:

- ◆ агроөнеркәсіптік өндірісті дамыту;
- ◆ елдің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
- ◆ ауыл шаруашылығы өнімдері, шикізат және азық-түлік өнімдері нарығын реттеу;
- ◆ тұрғындарды азық-түлікпен қамтамасыз етуді жақсарту;
- ◆ ауыл шаруашылығы мен экономиканың басқа салалары арасындағы экономикалық теңдікті қамтамасыз ету;
- ◆ ауыл шаруашылығы және басқа салалардағы қызметкерлердің табыс деңгейлерінің үйлесімділігі;
- ◆ отандық тауар өндірушілерді қорғау.

Сонымен қатар, агроөнеркәсіптік кешенді мемлекеттік реттеудің қажеттілігі мынадай жағдайларға негізделген:

- ◆ елдегі макроэкономикалық жағдайға ауыл шаруашылығы өнімдерінің, шикізат пен азық-түлік нарығының әсері;
- ◆ өнімді өндіру, өңдеу және сату кезінде пайда болатын табысты экономикалық тұрғыдан әділ бөлуді қамтамасыз ету нарығының болмауы;
- ◆ табиғи факторлардың оның тиімділігіне әсерімен анықталған ауыл шаруашылығы өндірісінің ерекшелігі;
- ◆ ауыл халқының негізгі қызмет түрі және ауылдық жерлерді мекендеу ортасы ретінде ауыл шаруашылығын қолдау.

Қазақстанның агроөнеркәсіптік кешені – республика экономикасының негізгі өндірістік салаларының бірі болып саналады. Онда ұлттық табыстың үштен бір бөлігі өндіріледі.

Қазақстанда агроөнеркәсіптік өндірістің дамуын стратегиялық жоспарлау кезінде, Дүниежүзілік Банктің бағалауы бойынша, ауыл шаруашылығы өндірісінің тиімділігіне теріс әсер ететін бірқатар факторларды ескеру қажет. Алайда, Шығыс Еуропаға қарағанда еңбек өнімділігі 5 есе төмен. Атап айтсақ:

- ◆ Қазақстан топырағы өзінің табиғи жағдайында төменгі өнімділік қасиеттеріне ие және үнемі жақсартуды қажет етеді;
- ◆ республика аумағының орта есеппен 60%-ы шөлейт аймақтармен қамтылған;
- ◆ егістікте шикі жусанмен көбеюі жиналған астықтың сапасын күрт төмендетеді, ол өзінің сипаттамасы бойынша жемшөпке айналатындығын көрсетеді.

2001–2016 жылдары Қазақстанның агроөнеркәсіп секторының өсуі жылына орта есеппен шамамен 4,4%-ды құрады. Бұл соңғы жылдардағы ЖІӨ өсімінің орташа деңгейінен төмен болғанымен, ауа райының біркелкі болмағанына қарамастан, жалпы экономикалық өсімнен асып түсетін жоғарғы деңгейдегі өсу қарқынын көрсетеді.

Қазақстанның ЖІӨ-дегі ауыл шаруашылығының үлесі 2010 жылға дейін тұрақты түрде төмендеп, содан кейін әдеттен тыс тұрақты, шамамен 4,5% болды. Бүгінгі күні Қазақстанның еңбек нарығында еңбекке қабілетті жастағы халықтың бестен бір бөлігі ауыл шаруашылығында жұмыс істейді, сондықтан осы сектор азық-түлік қауіпсіздігі мен кедейшілікті қысқарту үшін өте маңызды болып отыр.

Қазақстанның жалпы өсірілу алқабы 23,48 млн гектарға тең, ал жайылым аумағы – әлемдегі ең ірі аумағы болып табылады және 181 млн гектарды құрайды. Қазіргі уақытта кеңес дәуірінде суарылатын 2,4 млн гектардың шамамен 55% қолданылады. Дәнді дақылдар егілген жерлерге қарамастан, 1990 жылдары 20 млн гектар аудандарды пайдаланудан шығару арқылы айтарлықтай азайған, сапасы төмен астық дақылдары отырғызылды, содан кейін егіс алқабы шамамен 6 млн гектарға ұлғайды.

Ауыл шаруашылығы жалпы өнімдерінің, көрсетілген қызметтерінің нақты көлем индексі көрсеткіштері бойынша өсімдік шаруашылығы 2013 жылмен салыстырғанда 2014 жылы 99,1% құрап немесе 0,9%-ға кемігендігін байқаймыз. 2017 жылы ауыл шаруашылығы салаларындағы жалпы өнімдер индексі 100,0%-ды көрсетеді, ал 2016 жылды өткен 2015 жылмен салыстырғанда 115,3%-ды көрсетіп, 2017 жылы 15,3%-ға азайғандығын байқаймыз. Оны мына төмендегі 1-суреттегі соңғы бес жылды өткен жылдармен салыстырмалы түрдегі нақты көлем индексіні көреміз.



Сурет 1 – Ауыл шаруашылығы жалпы өнімдерінің (көрсетілген қызметтерінің) нақты көлем индексі, өткен жылға, %

Мал шаруашылығы жалпы өнімі 2013 жылы 101,9%, 2014 жылы 103,3%, 2015 жылы 102,7%, 2016 жылы 107,5%, 2017 жылы 102,2%-дық салыстырмалы индексіні құраған, осы сала бойынша 2015 жылмен салыстырғанда 2016 жылы нақты көлем индексі 7,5%-ға өскендігін байқаймыз [3].

Осыған байланысты, ЖІӨ-дегі ауыл шаруашылығы өнімдерінің жалпы шығарылымының проценттік үлесі соңғы жылдары біркелкі еместігін көрсетеді, атап айтсақ 2001 жылы – 16,5%, 2005 жылы – 9,9%, 2010 жылы – 8,4%, 2015 жылы – 8,1%, 2016 жылы – 7,8%.

Жалпы айтқанда, Қазақстанда ЖІӨ-дегі ауыл шаруашылығының үлесі орта есеппен шамамен соңғы 3 жылда 8,1% құрап, айтарлықтай маңызды еместігін байқадық. Осыған байланысты біздің ойымызша, ауыл шаруашылығы экономикалық өсудің нақты қозғалтқышы болуы үшін ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеудің даму қарқынын едәуір арттыру қажет, өйткені қазіргі уақытта ауыл шаруашылығы өндірісінің жалпы көлемінің тек жартысын құрап отыр.

Жалпы, суреттегі нақты статистикалық мәліметтерге сүйенсек, ауыл шаруашылығы өнімдерінің жалпы шығарылымының көлемі 2016 жылды қоса алғанда тұрақты түрде жоғарылаған.

Одан басқа Қазақстанда шаруашылықтың әртүрлі құрылымы қалыптастырылған. Қосалқы шаруашылықтар, яғни тіркелмеген ауылшаруашылық өндірісінің табиғи түрінің жалпы өндіріс көлемінің жартысынан астамын сүт пен ет өнімдерінің төрттен үш бөлігін өндіреді. Қосалқы шаруашылықтар басым болып табылатын мал шаруашылығы 2015 жылы ауыл шаруашылығы өндірісінің 44%-ын құрады.

Керісінше, астық өндірісінің жартысынан астамы 10 мың гектардан асатын ірі ауыл шаруашылығы кәсіпорындарында шоғырланған. Солтүстік астық аймағындағы үш ірі холдинг 700 мың гектардан астамды бақылайды, ал аймақта бидай алқаптарының 35%-ы 15 жетекші холдингке ие. Ал, ішкі нарықта жеткізілімнің 30%-ын үш құс компаниясы бақылайды. Сонымен қатар, ауыл шаруашылығын мемлекет тарапынан субсидиялау жағдайы жоғарғы деңгейде екендігін де айтып өтсек болады.

Мемлекет сектордың іске асырылмаған әлеуетін мойындайды. Әрқашан тиімді емес және мұқтаж адамдарға арналған әртүрлі субсидиялар және субсидияланатын несиелер түрінде өндірістің жақын арадағы болған айтарлықтай өсуі бюджеттік қолдаудың арқасында болды. Секторды қаржыландыру, сондай-ақ еншілес компаниялар арқылы жүзеге асырылатын әртүрлі субсидиялау және несиелік бағдарламалар үшін жарғылық капиталды қолдана отырып, 2006 жылы құрылған «ҚазАгро» ұлттық холдингі арқылы бағытталады [3].

Осылайша, Қазақстанда 2006 жылдан бері ауыл шаруашылығын мемлекеттік қолдаудың жағдайы жылдан жылға жоғары болып келеді.

Шындығында «ҚазАгроның» жалпы субсидиялары, несиелері мен трансферттері 2016 жылы Ауыл шаруашылығы министрлігінің бюджетінің 80%-дан астамын құрады, бұл су және орман шаруашылығымен байланысты шығындарды қамтымайды.

Негізінен субсидиялау бағдарламалары несие алуға және мал шаруашылығын дамытуға қол жеткізуге бағытталғанын көруге болады.

Қазақстан Республикасындағы ауыл шаруашылық секторын дамыту бойынша 2013–2020 жылдардағы «Агробизнес–2020» бағдарламасында агроөнеркәсіптік кешенді бюджеттік қолдаудың жалпы стратегиясы тұжырымдалған [4].

Алайда, Қазақстан Республикасында 2017–2021 жылдарға арналған агроөнеркәсіптік кешенді дамытудың мемлекеттік бағдарламасына өзгертілді. Шығындар құрылымын талдау субсидиялар басым болып отырған секторды қолдауға деген көзқарасты түбегейлі өзгертуді көрсетпейді. Соңғы жылдары субсидия берудің түрлері мен әдістеріне біршама өзгертулер мен түзетулер енгізілді, соның ішінде инвестициялық субсидияларды және мал шаруашылығын субсидиялауды көбейту арқылы несие беру үшін «ҚазАгро» капиталын ұлғайту.

Ауыл шаруашылығы өндірісінің өсуіне және бюджеттік қолдаудың қомақты қаржыны құюына қарамастан, өткен 2000–2010 жылдар арасында Қазақстан экономикалық өсу мен нақты айырбас бағамын нығайту есебінен агроөнеркәсіптік өнімдердің таза импортері болды. Ауыл шаруашылық азық-түлік өнімдерінің саудасының жалпы көлемі 2000–2010 жылдардың ортасында бидай мен ұн экспортының тұрақты өсуі мен сүт өнімдерінің, қант пен қайта өңделген өнімдердің импортының артуымен айтарлықтай өсті.

Осылайша, біздің ойымызша ауыл шаруашылығы экономикалық өсудің жаңа қозғаушы күші болу үшін, ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеуді жетілдіру керек деп ойлаймыз.

Сонымен, ЖІӨ-нің өсуі Қазақстанның саяси әлеуметтік және экономикалық тұрақтылық пен макроэкономикалық тұрақтылықтың басымдылығын көрсетеді (кесте 1).

Ауыл шаруашылығы өнімдерінің жалпы шығарылымы бойынша соңғы алты жылда тек өсуді байқаймыз. 2016 жылы ауыл шаруашылығы өнімдерінің жалпы шығарылымы 3 684 393,2 млн теңге, 2017 жылы 4 070 916,8 млн теңгені құраса, 2018 жылы 4 388 637,2 млн теңгені құрап, жылдан жылға өсімді көрсетеді, атап айтсақ 2016 жылмен салыстырғанда 2018 жылы 1 439 152,2 млн теңгеге немесе 148,8%-ды құрап, 48,8%-ға артқан (кесте 1) [5].

Бұл әрине өз кезегінде ЖІӨ-нің өсуіне алып келетінін айтып өтуге болады. Кесте мәліметтерінде ЖІӨ соңғы талдауға алынған жылдары, яғни 2017 жылы 53 101,3 млрд теңгені құраса, 2018 жылы 58 785,7 млрд теңгемен экономикалық өсуді көрсетеді.

Кесте 1 – Ауыл шаруашылығы өнімдерінің жалпы шығарылымы

| Көрсеткіш | 2013 ж. | 2014 ж. | 2015 ж. | 2016 ж. | 2017 ж. | 2018 ж. |
|--|-----------|-----------|-----------|-----------|------------|------------|
| Жалпы ішкі өнім, млрд теңге | 35 999,0 | 39 675,8 | 40 884,1 | 46 971,2 | 53 101,3 | 58 785,7 |
| Жан басына шаққанда, мың теңге | 2 113,2 | 2 294,8 | 2 330,4 | 2 639,7 | 2 943,8 | 3 237,5 |
| Ауыл шаруашылығы өнімдерінің жалпы шығарылымы, млн теңге | 2949485,0 | 3143678,1 | 3307009,6 | 3684393,2 | 4070 916,8 | 4388 637,2 |
| Ескертпе – «Қазақстан 2019 жылы» статистикалық жылнамалығы, Астана 2019 есебі негізінде автормен есептелген. | | | | | | |

Осыған байланысты, тұрғындар шаруашылығындағы отандық азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселесін шешуде елдегі негізгі азық-түлік тауарларының өзін-өзі қамтамасыз етуге аса назар аудару керек. Азық-түлікпен өзін-өзі қамтамасыз ету азық-түлікке деген қажеттілікті қанағаттандырады, оны ең алдымен ішкі отандық жеткізілімдерді арттыру жолымен сыртқы саудаға ең төменгі деңгейде тәуелді болу.

Осылайша, өзін-өзі қамтамасыз ету тұжырымдамасын жүзеге асыру тиімділігі Қазақстанның агроөнеркәсіптік кешенін мемлекеттік реттеуді жүзеге асыру кезінде мынадай бірқатар факторлар ықпал ететіндігін айтамыз:

- ◆ мамандандырылған азық-түлік аймақтарын құру және оларды мамандандыруды тереңдетуді ескере отырып, әртүрлі топырақ, климаттық және экономикалық аймақтардың әлеуетін тиімді пайдалану мақсатында өндірісті ұтымды бөлу;

- ◆ өсімдік шаруашылығы өнімділігі мен мал шаруашылығының өнімділігін арттыратын технологияларды пайдалану;

- ◆ ауыл шаруашылығының әлеуметтік сілкіністерге және саяси тұрақсыздыққа, сондай-ақ қоршаған ортаның бұзылуының әртүрлі нысандарына әсері.

Жалпы қорыта келе, Қазақстанның агроөнеркәсіптік кешенінің тиімділігін арттыруға ықпал ететін келесідей мемлекеттік реттеу бағыттарын ұсынамыз:

- ◆ өндірістік, сатып алу, бастапқы және терең өңдеу, сақтау, тасымалдау және ауыл шаруашылығы өнімдерін маркетинг саласындағы экономикалық қатынастардың жүйесін жетілдіру;

- ◆ ауыл шаруашылық азық-түлік кешенінің кішігірім өндірістерін мамандандырылған орта және ірі өндіріс орындарына көшіруді ынталандыру, сондай-ақ мал шаруашылығы мен өсімдік шаруашылығы өнімдерін өнеркәсіптік негізде көшіру;

- ◆ тұрғындардың төлемге қабілетті сұраныстарын жандандыру және ішкі және сыртқы нарықтардағы отандық азық-түліктің бәсекеге қабілеттілігін арттыру мақсатында ауыл шаруашылығы өнімдеріне бағалардың мемлекеттік және нарықтық реттеуін оңтайлы үйлестіру;

- ◆ елдің аумағында шикізат пен ауыл шаруашылық өнімдерін қайта өңдеу бойынша кәсіпорындарды өндіріс орындарына барынша жақындатып ұтымды орналастыру, құрылыс кәсіпорындарын, цехтар мен өндірістерді тәжірибе жүзінде фермерлік шаруашылықтарда кеңейту;

- ◆ өңдеуші өнеркәсіп кәсіпорындарының өндірістік қуаттарын оңтайландыру;

- ◆ отандық азық-түлік өнімдерінің сыртқы нарықтарға қол жетімділік процестерін жандандыру және олардың жағдайын жақсарту, астықты және оны қайта өңдеу өнімдерін экспорттауды ынталандыру;

- ◆ ауыл шаруашылығы азық-түлік нарығының инфрақұрылымын жетілдіру, жергілікті көтерме азық-түлік нарықтарын Республиканың жекелеген ірі қалаларында құрудың қажеттілігін айтамыз.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 ҚР Президенті Н. Назарбаевтың Қазақстан халқына «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» Жолдауы. 2017 жылғы 31 қаңтар.

2 Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы Заң (2010.30.06. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен).

3 Казахстан. Экономика идет на поправку: что дальше? // Журнал «Доклад об экономике». – Весенний выпуск. – Астана. – 2017.

4 ҚР агроөнеркәсіптік кешенді дамыту жөніндегі 2013–2020 жылдарға арналған «Агробизнес–2020» бағдарламасы 2017 жылғы 13 наурыздағы № 113 қаулысы. – Астана, 2017.

5 «Қазақстан 2019 жылы» статистикалық жылнамалығы. – Астана, 2019.

Аннотация

Поскольку агропромышленный комплекс Казахстана является одной из основных отраслей экономики республики, в статье рассматриваются направления его государственного регулирования. Государственное регулирование агропромышленного комплекса является основным направлением обеспечения продовольственной безопасности. Реализация государственных, региональных программ развития агропромышлен-

ного комплекса, направленная на выполнение задач обеспечения продовольственной безопасности, оказалась эффективной. Нельзя обеспечить продовольственную безопасность, если государство не оказывает положительного влияния на сельскохозяйственный сектор экономики страны. В статье говорится о государственном регулировании агропромышленного комплекса – это продажа и переработка сельскохозяйственной продукции для сырья и продовольствия, влияние государства на производство экономических, административных и правовых систем. Рассматриваются вопросы государственного регулирования агропромышленного комплекса, факторы, влияющие на государственное регулирование агропромышленного комплекса, а также ряд факторов, которые отрицательно влияют на эффективность сельскохозяйственного производства. Анализируется доля сельского хозяйства в ВВП Казахстана по статистическим данным. Можно констатировать, что государственные программы субсидирования сельского хозяйства направлены на получение кредитов и развитие животноводства. Между тем, несмотря на значительную поддержку со стороны государства, баланс торговли продуктами питания остается отрицательным, поскольку реальный рост ВВП в сельском хозяйстве указывает на то, что сельскохозяйственное производство не может значительно увеличить долю экономики. Представлены направления государственного регулирования по повышению эффективности агропромышленного комплекса Казахстана.

Ключевые слова: агропромышленный комплекс, конкуренция, продовольственная безопасность, продукция, субсидии, экономический рост, государственное регулирование, факторы.

Abstract

Since the agro-industrial complex of Kazakhstan is one of the main branches of the economy of the republic, the article considers the directions of its state regulation. State regulation of the agro-industrial complex is the main direction of ensuring food security. Thus, the implementation of state, regional programs for the development of the agro-industrial complex, aimed at fulfilling the tasks of ensuring food security, was effective. Food security of Kazakhstan is not ensured if the state does not have a positive impact on the agricultural sector of the country's economy. The article says, the state regulation of the agro-industrial complex is the sale and processing of agricultural products for raw materials and food, the state's influence on the production of economic, administrative and legal systems. In addition, the article examines the issues of state regulation of the agro-industrial complex, factors affecting the state regulation of the agro-industrial complex, as well as a number of factors that negatively affect the efficiency of agricultural production. The article analyzes the share of agriculture in GDP of Kazakhstan for the last five years based on the statistical data. It can be seen that the government subsidy programs for agriculture are aimed at obtaining loans and developing livestock. Meanwhile, despite significant support from the state, the balance of food trade remains negative, as real GDP growth in agriculture indicates that agricultural production cannot significantly increase the share of the economy. The article presents the directions of state regulation aimed at increasing the efficiency of the agro-industrial complex of Kazakhstan.

Key words: agro-industrial complex, competition, food security, production, subsidies, economic growth, state regulations, factors.